



**Ұлы Отан соғысы жылдарындағы  
Қазақстанның дәрігер әйелдері туралы**

- Биыл Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 67 жыл толды. Баршамыздың ортақ Отанымыз болған Кеңестер одағына фашистік Германия қаскөйлікпен тарпа бас салғанда, тек ер азаматтар ғана емес, табиғатынан нәзік жанды қыз-келіншектер де Отан қорғау ісінен шет қала алмады жүрегінің оты бар, кеудесін ыза-кек кернеген қазақ қыздары әскери комиссариаттардың табалдырығын тоздырып, өз еріктерімен майданға сұранды.





*Тылдағы ауыртпалықтың зіл-батпан салмағы негізінен елде қалған қыз-келіншектердің еншісіне тиді. Сөйтіп Ұлы Отан соғысының отты жылдарында олар майдан даласында да, тылда да жанқиярлықпен еңбек етті. Алғашқы шепте оқ тиіп қансыраған жаралы жауынгерді жан дәрмен қиян кескі ұрыс алаңынан сүйреп шығып , алғашқы дәрігерлік көмек көрсетті. Қажет болған кезде қанында, жанында аяған жоқ. Қаншама қиыншылықпен, қайғы-қасіретпен уысымызға түскен Ұлы жеңісті жақындапта түсу үшін қазақстандық қыз-келіншектер де қанатымен су себелеген қарлығаштай қай жерде қажет болса, сол жерден табылды .*



Защитники Москвы  
С ВАМИ - ВЕС  
Советский народ



WarAlbum.ru





Кавалеры орденов Славы снайперы Нина Лобковская, Люба Макарова, Шура Виноградова, Юля Белоусова и Аня Носова.





Шығыстың қос жұлдызы атанған Әлия мен Мәншүк апаларымыз және де бүкіл соғыс майданына қатысқан қыз-келіншектер апаларымызға мына өлең жолдары арналады:

Өрт болып, лаулап тұтанған,  
Жалау қып, жаны ел кегін.  
Қанға боялды жас арман,  
Қалдырып бізге жүрегін.

Соғады мәңгі сол жүрек,  
Жалаңаш қолмен от қалап.  
Елім деп, дархан өмір деп,  
Суырылған қаннан көп болды.

Болған сондай батыр қыз-  
Бағы үшін жастың, кәрінің.  
Болайық сондай бәріміз,  
Бағы үшін адам жанының

(Д.Әбілов)

# Отан алдындағы ерлік

- Отан алдындағы көрсеткен ерлігі үшін Қазақстандықтардың ортақ мақтанышына айналған қос жұлдызымыз Әлия мен Мәншүкке Кеңестер одағының Батыры атанды. 113 әйелге Социалистік Еңбек ірі жоғары атағы берілді. 10 мыңнан астам еңбекші әйелдер Кеңестер Одағының ордендерімен, медальдарымен марапатталды.
- Тылдағы еңбектері үшін Қазақстандық 28 әйел Ленин орденімен, 25-і «Қызыл жұлдыз» орденімен, 196-сы «Құрмет белгісі» орденімен 400-ден астамы «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдармен марапатталды







**Ольга Васильевна Мещерякова** - соғыс жылдары кезінде Алматының балалар қалалық больницасында бас мейірбике болып жұмыс істеді. Сол жылдары барлық медицина мамандары мобилизоциаланады, соғысқа шақырылды. О.В. Мещерякова Алматыда құрылған 316 атқыштар дивизиясының медсанбатына жіберілді, кейін 8-ші гвардиялық дивизиясында болды.

Тамыз айында оларды арнайы дайындықтан өткізіп Солтүстік-батыс фронтына жіберді. Ең бірінші алаң шайқасы Крюков станциясында талқанын шығарып жатты. Жараланғандар өте көп болды, тек жауынгерлер емес сол жақтағы селоның тұрғындары да медсанбатқа жеткізілді. Барлық науқастарға қажетті медициналық көмек көрсетіліп жатты. Соғыс алаңында жауынгерлерді танып № 1 құрылған мед палатаға жеткізіліп жатты. Жауынгерлер медициналық көмек көрсетілгеннен кейін қайтадан майданға аттанды.

1941ж 18 қарашада дивизия командирі генерал майор Иван Васильевич Панфилов ерлікпен қайтыс болды. Тез арада 8 гвардия көмекке жіберілді. Сол кездері жауынгерлерге медициналық көмек көрсететін медикаменттер, мақта, бинттер жетіспеді. Сол кезде бір бинтті бірнеше рет қолданылды.

Соғыс аяқталғаннан кейін 1947ж Эстониядағы Пряно қаласында бас мейірбике болып жұмыс жасады. Кейін ол Алматыға көшіп келіп сол жақтың ауруханасында жұмыс жасады, қазіргі таңда пенсияда.







**Ольга Васильевна Мещерякова**

## **Мария Петровна Смирнова (Кухарская) -**

Қызыл крест комитетінің «Флоренс Найтингейн» медалімен марапатталған қазақстандық үш қыздың бірі. Ұрыс даласында қансыра жатқан қаршын жауынгерлерді арқалап, жауып тұрған оқ арасынан алып шығу Мария Кухарская еншісіне тиген. 1941ж 28 шілдесінде майданға аттанған жас қыз бар болғаны жиырма жаста еді. Ең алғаш медсанбатқа келген бойда жаралы танкисті қабылдап алуға бұйырды. Жаралы жас жігіттің бір қолы жұлынып түскен, бұлшық етіне ғана ілініп тұр. Көпті көрген хирург қолындағы қайшысымен жігіттің бұлшық етін қиып жібергенде қолы солып етіп жерге түсті. Мария қорыққаннан ес-түссіз жерге сылқ ете қалды. Есін жиғаннан кейін хирург ұрсып, қайтарып жібереме, сеннен ешқандай санитарка шықпайды деп айтады деп қорықты. Бірақ хирург қайта бұған күлімдеп қарап: «Қызым үйрене бер, әлі бұдан да зорын көресің»- деді.







*Айтса айтқандай жиырмадан енді асқан жас қыздың көретіні әлі алда еді. Жауып тұрған оқтың арасынан жаралы талай жауынгерлерді аман алып шықты. Қансырап жүруге қарға адым жер мұң болып, көмек күтіп жатқан талай боздақтарға көмегін аямады, олардың барына қолынан келгенше дәрігерлік көмек көрсетті. Оның ерлігі, жанкештілігі жайында сол кезде майдан газеттері, оның ішінде Красная армия газеті талай мәрте жазды. Соғыс барысында көрсеткен ерліктері үшін Мария Петровна «Қызыл жұлдыз орденімен I дәрежелі Ұлы Отан соғысы», «Ерлігі үшін», «Жауынгерлігі үшін» медальдарымен марапатталды.*

## Вера Наумовна Сотниченко

Қостанай облысының  
Федеровқа селосындағы  
танымал теміржолшының қызы.



Вера оқып жүргенде соғыс басталып кетті де , орта мектепті тәмәмдай алмай қалды. Аудандық комсомол комитеті оны Пешков орта мектебіне аға пионер вожатыйлыққа жіберді. Сегізінші сыныпты бітіргендігі туралы куәлігімен 1942ж Қостана медициналық училищесіне келіп түсіп Вера Сотниченко студент кезінен-ақ жаралы жауынгерлерге донор болып, госпитальдарда кезекшілік етті. Училищені бітіргеннен кейін Гурьев облысында жұмысқа жіберілді. Осында келісімен тағы да әскери комиссариатқа арыз беріп, өзін майданға жіберуін сұрады. Жасының он сегізге толмауына орай бірнеше рет кері қайтарылған. Вера 1944ж Мәскеудегі әскери санитарлық басқармаға жіберіліп, ақыры екінші Беларусь майданындағы 19-шы армияға жолдама алды.



## Вера Наумовна Сотниченко



19-шы армия Белоруссияны азат ету жолында көп шығынға ұшырады. Вера Сотниченко қып-қызыл жүріп жатқан тұста жаралыларға қолма –қол дәрігерлік жәрдем көрсетіп отырды. Плащ палаткаларға талай жүре алмайтын жауынгерлерді салып, сүйреп жеткізді.

Үкіметтік награда «II дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордені, «Жауынгерлік ерлігі үшін» , «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды.



**Әмина Ахметжанқызы  
Орынбасарова (майор)**

1943ж 23 наурызда  
майданға аттанды. Соғыс  
майданында генерал  
Рокоссовский  
қолбасшылық еткен І-ші  
Беларусь қаласының  
медсанбат-ында болды.





*Жауға тойтарыс бере, ілгері қарай ұмтылған біздің әскердің соңына ілескен әскери госпитальда негізінен өрімдегі жас қыздар болатын. Дала госпиталін жасақтау үшін сол қыздар қолдарына күрек алып, жер қазды, кірпіш тасыды. Тәулік бойы операция үстелінің жанында тұрып, үсті-үстіне келіп жатқан жаралы жауынгерлерді ажалдан арашалады, шаршауға, тынығуға уақыт жоқ болатын. Ұрыс даласында көп қан жоғалтқандарға кезек-кезек донор болатынбыз.*

*Ростов дәрігер Мария Васильевна Васильева тамыз айында соғыс майданында жау қолынан қайтыс болды. Содан кейін ілгері жылжып біздің әскери бөлім Польшаның Кутно қаласына келіп жеттік, ол жер жау оғының зардабын көріп, қызыл қанға боялып жатқан бейбіт тұрғындаға да дәрігерлік көмек көрсетілді.*



## *Зейнаб Муллахасынқызы Музафарова*

*бір-ақ күнде дүниенің астаң-кестеңі шықты. Ұлы Отан соғысы кезінде қару ұстауға жарайтын барлық ер азаматты жаппай әскерге шақырылды. Солардың ішінде Зайнабтың екі ағасы Гаппас пен Хусаиын және әкесіде бар еді. Елдегі тірек болды: қарттар, балалар, әйелдер.*








1944 жылы күзі жаудың беті әрі қараған кезде бұл медициналық техникумын бітірген. 5 қыз әскери комиссариаттан жолдама алып майданға аттанатын болды. Солардың бірі 19 жастағы қыз Зайнаб болатын. Қостанай қаласының іргесіндегі Озерный селосында медбике болып жұмыс істеп жүрген Зайнаб қатігез жаумен кескілескен ұрыстар жүріп жатқан бірінші Белорусь майданындағы атқыштар дивизиясының 370-ші полкіне келіп түсті. Рокосовский қолбасшылығында дивизияда зеректігімен, табандылығымен көзге түскен медбике, бұл жерден Польшаның Ломжа қаласына жіберілді. Зайнаб жаралыларға медбике ретінде алғашқы медициналық көмекті осы жерде көрсетті. Қаһармандықпен алға жылжып бораған оқ астынан жаралыларды тауып алып, олардың жарасын дәкемен таңып, госпитальдарға жөнелткен.





Шығыс Пруссиядағы Нерва өзенінің жағалауында 3 күн, 3 түн болған ауыр ұрыста кеңес жауынгерлерінен жараланғандар көп болды. Жаралылардың бірінен соң бірі оқ астынан алып шығып жүрген санитарларға оқ тиіп, Зайнаб жалғыз қалды. Сонымен бірге, оқ аузына тиіп, тілін жұлып кеткен солдат, өртенген танк ішінде күйіп қалған екі жауынгерлерді көріп шошыды. Зайнаб соғыс жылдары көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» медалімен марапатталды.



*Зейнаб Муллахасынқызы Музафарова*

Сонымен, фашизмді жеңу үшін әйел дәрігерлер орасан зор үлес қосты. Олардың ерен еңбегі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Соғыстың тарихын біле отырып, біз болашақ дәрігерлер өзіміздің таңдаған мамандығымыз қайырымды екенін біле отырып, рухымыз көтеріледі. Қазіргі таңда оқып жатқан медицина саласындағы студенттер, біздер осы мамандықты таңдағанымызға еш өкінбейміз және болашақта осы апаларымыздың ерлігін қайталамасақта Абай атамыз айтқандай: «Болмасанда ұқсап бақ » дегендей жақсы, адал, білікті дәрігер болуға мақсат қойып оны орындауға тырысамыз.

*Сүйінші халқым, сүйінші  
Беліңді бекем буында.  
Жеңдік жауды күйрете,  
Жасалсын той мереке.*





1941 ★ 1945



*Назар аударгандарыңызга рахмет!*